

«Кітапхана әлемі»
кітапханалық сабақ
(ойын-саяхат 1 сынып оқушыларына арналған)

Кітапханалық-библиографиялық білімдерді насихаттау ісі – оқушылардың кітап оқуына басшылық ету ісінің табиғи бөлігі болып табылады. **Оның мақсаты:** балаларды оқу гигиенасына дағдыландыруға, кітапты күтіп ұстауға, оны дұрыс таңдауға, кітапхана қорын пайдалана білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: кітап көрмесі.

Мектептің 1-сынып оқушыларымен кітапханамен алғашқы танысуларын саяхат жасап, оқырманға қабылдау өткізіледі. Олар «Көңілді поездбен» кітапхананың бірнеше аялдамасына тоқтап, тамашалайды.

Кітапханашы: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен және менің достарым – кітаптар сендердің біздің кітапханаға келгендеріңе өте қуаныштымыз. Мектепке алғаш қадам басқанда сендер әріп танымайтынсыңдар, кітап оқи алмайтынсыңдар. Енді, міне, алғашқы ұстаздарың – апайларыңның арқасында сендер түрлі қызықты кітаптарды ешкімнің көмегінсіз өздерің-ақ оқи аласыңдар. Біздің ата-бабаларымыз «Кітап – көп ақылдың құйылған көлі», «Кітап – білім бұлағы», «Кітап – ғажап дос» - деп бекер айтпаған. Барлық білімді біз кітаптан аламыз, кітап бізді қайырымдылыққа, адалдыққа, әділдікке, зұлымдықпен күресе білуге үйретеді. Балалар кітаптардың қайда тұратынын білесіңдер ме? Ендеше қазір бәріміз «Көңілді поездбен» кітапхананың бірнеше аялдамасына тоқтап, саяхат жасап танысайық.

- Бірінші аялдама **«Кітаптар әлемі»** - деп аталады. Бұл жерде 500 мыңнан астам кітаптар, 300 шақты журналдар бар. Оның бәрі кітап қоры деп аталады. Оларды біздің кітапхана 50 жыл бойы жинап келеді. Бұл «Кітап сақтау» бөлімі. Әр кітаптың өзінің тұратын жері, яғни үйі болады. Керекті кітапты табу үшін сендерге кітапханашы апайларың көмектеседі. Сендер кітаптарды ашып көріп, оқығыларың келе ме? Ендеше ары қарай жол жүрейік.

- Келесі аялдама **«Балдырған»** - деп аталады. Мен сендерді кішкентай балдырғандарға арналған кітаптар тұратын, мектеп жасына дейінгі және 1-4 сынып оқушыларына арналған «Абонемент» бөлімімен таныстырайын. Бұл бөлімнен сендер кітапты үйге алып оқуларыңа болады. Кітап 10 күнге беріледі. Сонымен қатар бұл жерде бос уақыттарыңды өткізулеріңе болады. Сендерге арналған түрлі ойыншықтар да бар. Ендеше саяхатымызды жалғастырайық.

- Ендігі аялдама **«Кітап оқу»** - деп аталады. Бұл бөлімде отырып, балаларға арналған журналдар мен газеттерді оқып, үйге берілген тапсырмаларыңды жазып алуға болады. Ал үйге кітап берілмейді. Мына сөрелерде анықтамалар, сөздіктер, көптеген жазушы, ақын ағаларың мен апайларыңның кітаптары қойылған. Бұл бөлім - «Оқу залы». Енді сендерді **«Ертегілер елінде»** атты кітап көрмесімен таныстырайын.

Балалар, сендер саяхат жасап шаршаған шығарсындар? Ендеше ойын ойнайық. **«Мен кіммін?» ойыны.**

Ортаға бір бала шығады. Кітапханашы оның көзін байлайды да, ертегі кейіпкерлерінің бір затын кигізеді. Ал бала тұспалдап сұрақ қою арқылы өзінің кім екенін табу керек. Балалар оның сұрағына «иә» немесе «жоқ» - деп қана жауап береді.

Келесі ойынымыз **«Ол қандай кейіпкер».**

Кітапханашы ертегі кейіпкерлерін атайды. Егер жағымды кейіпкер болса балалар қолдарын шапалақтайды, ал жағымсыз кейіпкер болса балалар аяқтарын тоқылдатады.

«Кім жылдам» ойыны.

Ортаға шыққан бір бала кітаптан бір үзінді оқуы керек. Ал балалар сол ертегіні атаулары керек.

Кітапханашы: Балалар, сендерді кітапханада өзін-өзі қалай ұстау керектігі жөніндегі **ережемен** таныстырып өтейін.

1. Кітапханада шулауға болмайды, өйткені басқа оқырманға кедергі келтіресің.
2. Кітапты ұқыпты, таза ұстау керек. Өздеріңнен кейін оны көптеген балалар оқитынын естен шығармаңдар.
3. Кітапты уақытында қайтару керек. Әйтпесе басқа оқырмандар күтіп қалады.
4. Кітапты жоғалтып алма.

Кітаптар да адам сияқты: өмірге келеді, өмір сүреді, қартайды. Сол үшін де кітаптарды аялап ұстауымыз керек. Мына ережелерді әрдайым есте сақтаңдар:

- Кітап беттерінің бұрыштарын бүктеме.
- Кітап мұқабасы бүлінбес үшін қаптап ал.
- Кітап беттерін жыртпа.
- Кітапқа сурет салма, жазба.
- Тамақ ішіп отырып кітап оқыма.
- Кітап беттерінің арасына қарындаш, қалам салма.

- Балалар кітап оқыған кезде нені пайдалану керек?

- Белгіні.

(Кітапханашы балаларға естелікке кітапхананың мекен жайы көрсетілген белгі таратып береді).

-Балалар, мынау оқырман формуляры оған сендердің алған кітаптарыңды жазып отырмыз. Сонымен бүгіннен бастап сендер **«Кітаптар әлемінің»** оқырманы болдыңдар.Өздерің қалаған уақытта келіп, оның сиқырлы қазынасын пайдалануларыңа болады.

Сан мың түрлі кітаптар бар, көрдіңдер,

Кітапхана киелі орда сеніңдер.

Рухани қазынаны іздесең

Кітапхана есігі ашық, келіңдер.